

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 14 шілдедегі № 614 қаулысы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ережеде:

15-тармақта:

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде соғыс жағдайы режимі енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасының соғыс жағдайы туралы заңнамасына сәйкес соғыс жағдайы режимін қамтамасыз етуге қатысады;"

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жаппай тәртіпсіздіктерден; ұлтаралық және конфессияаралық жанжалдардан; жекелеген жерлерді, аса маңызды және стратегиялық объектілерді қоршап алудан немесе басып алудан; заңсыз қарулы құралымдардың ұйымдасуынан және қызметінен туындаған төтенше ахуалдардың алдын алады және оларды жоюды жүзеге асырады;"

мынадай мазмұндағы 18-1), 18-2), 18-3), 18-4), 18-5), 18-6), 18-7), 18-8), 18-9), 18-10) және 18-11) тармақшалармен толықтырылсын:

"18-1) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша тиісті салада жұмылдыру тапсырысын орындау үшін қажетті тауарлардың тізбесін айқындау және көлемін есептеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

18-2) жұмылдыру резерві бөлігінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен оларды сақтау көлемін қалыптастыру үшін тиісті салада жұмылдыру тапсырысын орындау үшін қажетті тауарлардың тізбесін айқындау және көлемін есептеу әдістемесіне сәйкес жұмылдыру тапсырысы бар ұйымдардың қажеттіліктеріне талдау жүргізеді;

18-3) жұмылдыру резерві бөлігінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен оларды сақтау көлемі бойынша мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді;

18-4) мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне гуманитарлық көмек көрсету үшін мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын броньнан алу туралы ұсыныстар енгізеді;

18-5) мемлекеттік материалдық резерв және жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша қарыз алу тәртібімен жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды шығару туралы шешім қабылдайды;

18-6) мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен оларды сақтау көлемі бойынша және номенклатура өзгерген кезде мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын броньнан шығару туралы ұсыныстар енгізеді;

18-7) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен оларды сақтау көлеміне сәйкес жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын беруге тапсырыстарды орналастырады;

18-8) жаңарту тәртібімен жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды шығару туралы шешім қабылдайды;

18-9) алушы мемлекеттік органдармен және мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның шешімімен жаңартылуға жататын жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын және номенклатура өзгерген кезде броньнан шығарылған материалдық құндылықтарды басқа мемлекеттік органдардың балансына өтеусіз негізде беруді жүзеге асырады;

18-10) мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының орнын ауыстыру туралы шешім қабылдайды;

18-11) жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының сақталуын және жаңартылуын ұйымдастырады;";

26) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"26) қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласында республикалық цифрлық жүйені құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;";

49) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"49) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес және әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;";

мынадай мазмұндағы 83-7) тармақшамен толықтырылсын:

"83-7) жеке басты куәландыратын құжаттарды (босқын куәлігінен басқа) дайындау үшін формулярдың нысанын және оны ресімдеу, толтыру, есепке алу, сақтау, тапсыру, жұмсау, жою қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 92-4) тармақшамен толықтырылсын:

"92-4) сұрғылт түсті берет пен төсбелгі туралы ережені, сондай-ақ оларды киіп жүру құқығына біліктілік сынақтарын өткізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;"

121) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"121) цифрлық және цифрлық талдау жүйелерін құрады, пайдаланады және жетілдіреді;"

121-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"121-1) жол жүрісі саласындағы цифрлық жүйелерді интеграциялауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;"

123) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"123) дербес деректерді өңдеу кезінде заңнама және цифрлық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, ішкі істер органдары бөлімшелерінің Министрліктің цифрлық ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз етеді;"

146) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"146) теңбіл түстес беретті айырым белгісімен киіп жүру құқығына біліктілік сынақтарын өткізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;"

185) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"185) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі күдіктілер, айыпталушылар және сотталған адамдар үшін тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

214) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"214) жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік цифрлық жүйелерді құрады және пайдаланады;"

313) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"313) цифрлық жүйелерді, цифрлық және телекоммуникация желілерін, байланыс желілерін құру, пайдалану және жетілдіру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

313-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"313-1) ішкі істер органдарының цифрлық жүйелерімен, мобильдік қосымшасымен және мобильдік сервистерімен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;"

320) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"320) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тұрғын үй комиссиялары қызметінің және цифрлық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

2. Осы қаулы:

1) 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының жиырмасыншы, жиырма бірінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, қырықыншы, қырық бірінші, қырық екінші, қырық үшінші, қырық төртінші және қырық бесінші абзацтарын;

2) 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші және он тоғызыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК